

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.24. N 1307 қаулысымен.

Ескерту. Атауындағы және мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереже;

2) < * >

Ескерту. 2-тармақша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне Төрағаның үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші, болуға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) жүйесінде қосымшаға сәйкес Агенттіктің аумақтық органдарының бекітілген штат саны лимитінің шегінде мемлекеттік мекемелер құрылсын.

4. Агенттік заңда белгіленген тәртіппен бір айлық мерзім ішінде:

1) құрылған мемлекеттік мекемелердің құрылтай құжаттарын бекітсін және оларды әділет органдарында тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары осы қаулыға сәйкес құрылатын мемлекеттік мекемелерді тіркеуге жәрдем көрсететін болсын.

6) < * >

Ескерту. 6-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010 қаулысымен.

7. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы

15 қарашадағы
N 1713 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы Ереже

1. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, табиғи монополия субъектілерінің және белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін реттеу, баға белгілеу, бәсекелестікті, тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды дамыту, тарифтік саясат саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті орталық атқарушы орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.10. N 937 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 869 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010 қаулысымен.

2. Агенттік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік заңды тұлға - мемлекеттік орган болып табылады, банкте шоттары, өзінің атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Агенттіктің, егер оған заңға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Агенттік өзінің мемлекеттік өкілеттігінің шеңберінде, заңдарда белгіленген тәртіппен, бұйрықтар түрінде Қазақстан Республикасының барлық аумағына міндетті күші болатын актілер шығарады.

5. Агенттіктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Агенттіктің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Әуезов көшесі, 36.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010 қаулысымен.

7. Республикалық мемлекеттік органның толық атауы Қазақстан

Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі.

Агенттікті құру туралы акті мен осы Ереже оның құрылтай құжаттары болып табылады.

8. Агенттіктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Агенттікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Агенттікке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметтерді жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер, белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу;
2) монополиялық қызметтің, рынокта үстем жағдайын теріс пайдаланудың алдын алу және оған жол бермеу, теріс пиғылды бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

3) тауар өндіру саласында бәсекелестікті дамытуға мемлекеттік қолдау және жәрдем көрсету;

4) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың ақылы қызмет көрсетуінің тәртібін бақылау;

5) өз қызметін мемлекеттік монополияға жатқызылған салада жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін бақылау;

6) < * >

7) бәсекелестікті дамытуға, тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реттеуге, тарифтік саясат және табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметтер көрсетуіне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүйеге асыруға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру;

8) кәсіпкерліктің құқықтарын қорғауға бағытталған заңдардың сақталуын бақылады жүзеге асыру;

9) тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реттеу әрі тарифтік саясат және табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға

ие рынок субъектілерінің қызметтер көрсетуіне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру.

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.10. N 937

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 869

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010

қ а у л ы с ы м е н .

10. Агенттік заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік регистрін, Рынокта белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тізілімін, Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтердің мемлекеттік регистрін қалыптастыру және жүргізу;

2) субъектілердің - табиғи монополияшылардың өніміне бағалар (тарифтер) немесе олардың шекті деңгейін белгілеу, сондай-ақ заңдарда белгіленген жағдайларда мемлекеттік органдардың қызмет көрсетулеріне арналған бағаларды р е т т е у ;

2-1) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу;

2-2) табиғи монополия субъектілерінің тарифтік сметасын бекіту;

2-3) табиғи монополия саласында тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) белгілеудің кемсітпеушілік әдістерін әзірлеу, бекіту және қолдану;

2-4) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын қолдану тәжірибесін қорыту, осы негізде әдістемелік ұсынымдар әзірлейді;

3) табиғи монополия субъектілерінің шығындарын қалыптастырудың әдістері мен рәсімдерін әзірлеу және енгізу олардың іс жүзіндегі шығыстарын бақылауды ж ү з е г е а с ы р у ;

4) мемлекеттік ұйымдар монополиялық түрде жүзеге асыратын қызмет көрсетулерге бағалар белгілеудің есебі мен тәртіптерінің методологиясын әзірлеу ;

5) < * >

6) < * >

7) табиғи монополиялардың, тауар рыногының жұмыс істеуіне, бәсекелестікті дамыту, баға белгілеу, тұрғын үй-коммуналдық сала мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысы бар заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына сараптама жасауды жүзеге асыру;

8) рынок пен ондағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы баяндамалар, монополияға қарсы заңдар мен оларды қолданудың тәжірибесін жетілдіру

туралы ұсыныстар дайындау және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолдау;

9) өзінің құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;

10) монополияға қарсы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

1 1) < * >

1 2) < * >

1 3) < * >

14) өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғалардың қызметіне тексерулер жүргізу;

15) табиғи монополия субъектілерін қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

16) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, бәсекені шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізу;

17) тауар және қаржы рыноктарында бәсекелестікті дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

18) шет елдердің мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылдар мен ынтымақтастықты ұйымдастыру, сондай-ақ Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

19) рынок субъектілерінің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді өз құзыретінің аясында әзірлеу және бекіту;

20) өз құзыреті шегінде монополияға қарсы заңдарды бұзушылық туралы істерді қарау және олар бойынша шешім қабылдау;

2 1) < * >

2 2) < * >

2 3) < * >

2 4) < * >

2 5) < * >

2 6) < * >

2 7) < * >

2 8) < * >

29) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыру;

29-1) мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер көрсетуі тәртібін бекіту;

30) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.10. N 937

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.04. N 527

қ а у л ы с ы м е н .

11. Агенттіктің өз құзыретінің шегінде міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) табиғи монополия субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелердің көрсететін қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) б е к і т у г е ; < * >

2) табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) өзгертуге берілген өтінімдерін қарау кезінде жария т ы ң д а у л а р ө т к і з у г е ; < * >

3) табиғи монополия субъектісі өткізетін сатып алуға бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға; <*>

3-1) табиғи монополия субъектілерінің материалдық, қаржылық ресурстарды және қызметтерді сатып алуын жүргізу тәртібін белгілеуге;

3-2) табиғи монополия субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектілерінің қызмет көрсетулеріне тұтынушылармен шарттар жасасу туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуы міндетті нұсқамаларды е н г і з у г е ;

3-3) табиғи монополиялар субъектілері тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарды әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне б е к і т у г е ұ с ы н у ғ а ;

3-4) табиғи монополия субъектілерінің қызмет көрсетулеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге бастамашылық жасауға;

3-5) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын ба қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р у ғ а ;

3-6) табиғи монополия субъектісінің қызмет көрсетулеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) қолданылу мерзімін кем дегенде алты айға белгілеуге;

4) өз құзыретінің шегінде орындау үшін міндетті шешімдер беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

4-1) табиғи монополия саласында тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) белгілеу жөніндегі нұсқаулықты белгіленген тәртіппен әзірлеуге және бекітуге; <

*

>

5) рынокта үстем (монополиялық) жағдайдың болуын анықтауға;
6) өз құзыретінің шегінде тексерулер жүргізуге және жолсыздықтар туралы істерді қарауға және кінәлілерді әкімшілік жауапкершілікке тартуға;

7) жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларынан Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

8) монополияға қарсы заңнаманы бұзудың нәтижесінде алынған кірісті бюджетке аудару туралы, сондай-ақ тікелей немесе бағалар мен тарифтерді уақытша төмендету арқылы залалды (немесе) шығынды өтеу туралы шешім қабылдауға ; < * >

9) уақытша өтеуші бағалар мен тарифтер белгілеу жолымен тұтынушыларға табиғи монополияның субъектісі бағалар мен тарифтерді заңсыз көтерумен келтірген шығындарды өтеу туралы шешім қабылдауға; <*>

10) бәсекені дамытуға, монополияға қарсы органның нұсқамаларын орындауға кедергі келтіретін және заң актілерінде көзделген өзге де тәртіп бұзушылықтар үшін рынок субъектілері мен олардың басшыларына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына айыппұл салу туралы шешімдер қабылдауға ;

11) мемлекеттік органдарға, олардың лауазымды адамдарына, рынок субъектілеріне тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілеріне, олардың басшыларына орындау үшін міндетті нұсқамалар беруге;

12) Агенттіктің мәжілістерінде мемлекеттік органдардың, тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің лауазымды адамдарын тыңдауға ;

13) Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ресми түсіндірулер беруге ;

14) Агенттік қызметтерінің барлық бағыттары бойынша, оның ішінде тексерулер жүргізуге көмек көрсету үшін ғалымдар мен мамандардың, Агенттік, Қазақстан Республикасының басқа да орталық атқарушы органдары мен ведомстволары, қоғамдық ұйымдар, халықаралық ұйымдар қызметкерлерінен сараптамалық кеңестер құруға ;

15) тексерістер мен сараптамалар өткізуге басқа да ұйымдардан мамандар тартуға ;

16) мемлекеттік баға тәртібінің, монополияға қарсы заңдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдардың бұзылуын жою мақсатында сотқа талап-арыз беруге, оларды қарауға қатысуға;

17) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша халықаралық, шарттар мен келісімдерге қол қоюға;

18) өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін аумақтық органдарға беруге;

19) егер тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайда болуына жеткізетін болса, сондай-ақ тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруға, таратуға әкеп соғатын болса, рынок субъектілерін құруға қорытынды беруге;

20) мемлекеттік органдарға монополияға қарсы заңдарды бұзатын олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

21) заңдарға қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді прокуратура органдарына жіберуге;

22) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне) бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізу туралы шешім қабылдауға;

23) рынок субъектілерінің жарғылық капиталындағы акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу кезінде және өзге де жағдайларды монополияға қарсы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

23-1) табиғи монополия субъектісінің акцияларды (үлестерді) сатып алуын, сондай-ақ оған табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының Заңымен рұқсат етілген қызметті жүзеге асырушы коммерциялық ұйымдарға оның өзге де нысандармен қатысуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

23-2) табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарына жататын мүлікті иеліктен шығаруға және онымен өзге мәмілелер жасасуға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

23-3) табиғи монополия субъектісінің тасымалданатын немесе оларға берілетін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өз тұтынуы үшін емес сатып алуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

23-4) табиғи монополия субъектісінің негізгі қызметке технологиялық байланысты және (немесе) табиғи монополия саласына жататын өзге қызметті жүзеге асыруын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының почта туралы заңнамасымен белгіленген қызметті жүзеге асыруын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

24) заңдармен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.10. N 937 қаулысымен.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.04. N 527

қ а у л ы с ы м е н .

11-1. Агенттік заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) табиғи монополия субъектісі тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) заңсыз көтеру және (немесе) тарифке (бағаға, алым ставкасына) нақты орындалмаған жұмыстардың құнын қосу арқылы келтірген залалдарды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тариф бекіту туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге берген өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуды жазбаша негіздеуге;

3) табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге берген өтінімдерін қарау кезінде тұтынушылардың немесе табиғи монополия субъектісінің жазбаша өтініші бойынша жария тыңдаулар өткізудің қажеттігін айқындауға;

4) тұтынушыларды табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша, коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитындардан басқа, қабылданған шешімдермен таныстыруға;

5) табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) өзгертуге берген өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізуге;

6) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын, уақытша төмендету коэффициентін ұсыну тәртібін айқындауға міндетті.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.04. N 527 қаулысымен.

3. Агенттіктің мүлкі

12. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Агенттіктің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналымдық қаражаттан, сондай-ақ құны Агенттіктің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

13. Агенттікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Агенттіктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға

немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Агенттікке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

15. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

16. Агенттіктің төрағасы Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта б о л а д ы .

17. Агенттіктің төрағасы осы мақсатта:

- 1) бұйрықтарға қол қояды;
- 2) өзінің орынбасарлары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін белгілейді;
- 3) заңдарға сәйкес Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлері мен аумақтық органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;
- 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті мен бөлінетін қаражаттың шегінде оларды ұстауға арналған шығыстар сметасының шегінде орталық аппарат пен аумақтық органдардың штат кестесін, құрылымын б е к і т е д і ;
- 5) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Агенттіктің атынан өкілдік етеді;
- 6) Агенттіктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;
- 7) заңдарда белгіленген тәртіппен Агенттіктің қызметкерлеріне тәртіптік ж а з а л а р қ о л д а н а д ы ;
- 8) Сараптық кеңестердің жеке құрамын бекітеді;
- 9) Агенттіктің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша шешімдер қ а б ы л д а й д ы .

18. Агенттік төрағасының жанынан консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады, алқаның шешімі қаулылар нысанында шығарылады.

Алқаның сандық және жеке құрамын Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасынан Агенттіктің төрағасы бекітеді.

Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010

қ а у л ы с ы м е н .

19. Қазақстан Республикасының Әкімшілік тәртіп бұзушылықтар туралы

кодексіне сәйкес монополияға қарсы заңдардың бұзылуы туралы істерді қарау үшін Агенттікте және оның аумақтық органдарында Әкімшілік комиссиясы құрылады.

Агенттік Әкімшілік комиссиясының жеке құрамын Агенттіктің төрағасы және аумақтық органның басшысы бекітеді.

20. Агенттіктің облыстар мен Астана, Алматы қалалары бойынша заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық органдары - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің департаменттері болады.

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1010 қаулысымен.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

21. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
15 қарашадағы
N 1713 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың Тізбесі

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
15 қарашадағы
N 1713 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелері-аумақтық органдарының Тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және

бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті.

5. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

6. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.

7. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

8. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

9. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті.

10. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

11. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

12. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті.

13. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

14. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

15. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті.

16. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

1 5

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1713 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 326 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 11, 99-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі N 475 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 14, 151-құжат)

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 16-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1301 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 8 және 16-тармақтары.